

# МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫ

## Дәрісте қаралатын сұрақтар

1. Меншік мәні, мазмұны, түрлері мен нысандары, объектілері және субъектілері

**Меншік** меншік объектілерінің қатыстылығы жөніндегі адамдар арасындағы экономикалық қатынастар

**Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншікке қатысты мынадай ұғымдар айтылады:**

Иемдену

- мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі

Пайдалану

- белгілі бір игіліктен оның пайдалы қасиеттерін алудың және одан пайда таба алудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі

Иелік ету

- мүліктің тағдырын айқындаудың заңмен қамтамасыз етілуі

**Меншік субъектілері** – бұл олардың арасында меншік қатынастары туындап отыратын тұлғалар, оларға жеке индивидтер, отбасы, әлеуметтік топтар, ұжым, халық, мемлекет және басқару органдары

**Меншік объектісі** – бұл осылар арқылы меншік қатынастары туындап отыратын қандай да бір заттар немесе құралдар, т.б. Меншік объектілеріне: жер, ғимараттар, табиғи ресурстар, өндіріс құрал-жабдықтары, мүлік, ақшалар, бағалы заттар, ақпарат, жұмыс күші, білім, құнды қағаздар, ұлттық құндылықтар

# МЕНШІК

**Жеке меншік**

**Мемлекеттік**  
(республикалық, коммуналдық)

**Жеке**

**Топталған** (шаруашылық, серіктестік пен қоғамдар,  
өндірістік кооперативтер)

**Жеке меншіктің өз  
еңбегі негізінде**

**Жеке меншіктің  
жалға беру негізінде**

**Ұжымдық меншік**  
(жеке меншіктің өз  
еңбегі негізінде)

*Мемлекет иелігінен алу* - мемлекеттік меншікті өзгертуге байланысты мемлекеттің экономикадағы шектен тыс ролін жоюға бағытталған шарралар жиынтығы.

*Жекешелендіру* - мемлекет қарамағындағы кәсіпорындарды жеке меншік компанияларға айналдыру.

## ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ МҮДДЕСІ

Жеке меншік топтарын құру

Бәсекелес ортаны құру

Кәсіпорындардың тиімділігін арттыру

Экономиканың монополиясыздандырылуына жәрдемдесу

Шетел инвесторларын тарту

# ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ТҮРЛЕРІ

**Шағын** – жұмысшылар саны  
200 адамға дейінгі  
объектілерді жекешелендіру

**Жаппай** (купондық) –  
жұмысшылар саны 200  
адамнан асатын орта  
кәсіпорындарды  
жекешелендіру

**Жеке жоба бойынша** – ірі  
(5000 адамнан астам) және  
стратегиялық маңызды  
мемлекеттік объектілерін  
жекешелендіру



## **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Кіші жекешелендіру** 1991-1992 жылдары жүргізілді. Бұл кезеңде сауда, қызмет көрсету аясындағы кіші және орта кәсіпорындардың 50%-ы жекешелендірілді

**Екінші кезең.** Үлкен және жаппай жекешелендіру 1993-1996 жылдары жүргізілді. Бұл кезеңде орта және ірі кәсіпорындар жекешелендірілді.

**Үшінші кезең.** Жеке жобалар бойынша 1997-2000 жылдары жүргізілген жекешелендіру жекешелендірудің аяқталу кезеңі

## Жекешелендірудің әдістері

Аукциондар, бұлар конкурстар жариялау арқылы қандай да бір мүлікті сату және сатып алу тәсілдерін қарастырады.

Акцияларды сату, яғни кәсіпорын капиталындағы үлестерді сату. Бұл жерде тендерлер жарияланып, үміткерлер қатысатын жабық сауда инвестициялық конкурс арқылы жүргізіледі

Жалға берілген кәсіпорындардың мүлкін сатып алу. Бұл жерде кәсіпорындарды сату аукциондар арқылы ашық сауда тәсілдерімен жүргізіледі және сатып алушыға максималды баға қоюдың талабы ұсынылады.

Назарларыңызға рахмет!